

6D010300- Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Кудабаева Перизат Асанбаевнаның «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

## ПКІРІ

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында былай деген еді: «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингвафранкасын» менгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады».

Демек, халықаралық тіл мәртебесіне ие ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Орыс тілі арқылы қосымша білім алып, дүниетанымын байытып, арасатын ортасын кеңейтіп, іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақ елі бұл жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы - көп тіл білу.

Сол себепті, білім саласында қазіргі жасалып жатқан реформалар білімді де білгір, іскер, азаматтық белсенделігі мен шығармашылығы қалыптасқан, өздігінен шешімдер қабылдай біletіn, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын, өз бетімен ізденетін, ұлттық ерекшелігімізді айқындастын рухани мәдениетті, халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын мәдениетаралық құзыретті мамандарды қажет етіп отыр.

### **2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

П.А. Кудабаеваның диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі мәселені шешу тәсілдерінің теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттеріне сәйкес ғылыми – педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді пайдалануымен, тәжірибелік мәліметтерді сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

- философиялық, педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымы мағынасының нақтыланып берілуі – бірінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

- жоғарғы оқу орындарында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынас мән мәтініндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың құрылымдық мазмұндық моделінің жасалуы – екінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынас мән мәтініндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың әдістемесінің жасалуы мен оның нағымдылығын тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілуі – үшінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі**

Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы барысында П.А. Кудабаева мынадай жаңа, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

Бірінші нәтиже. Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде «мәдениетаралық құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтай отырып, «болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігі» ұғымын нақтылаған.

Екінші нәтиже. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін мәдениетаралық қарым-қатынас мән мәтініндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталған.

Үшінші нәтиже. Жоғары оқу орындарында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігі қалыптастыру мазмұнымен оны жүзеге асыруға арналып жасалған «Болашақ мамандының мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты элективті курсын, «Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды Podcast, Wiki, Blog, Case Study, Framing технологиялары» атты болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құралының, «Мәдениетаралық коммуникация бойынша тәжірибелік тапсырмалар жинағы» атты 5B011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралының қолданудың тиімділігі айқындалған.

### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар шетел тілі мамандарына, біліктілікті арттыру жүйесі қызметкерлеріне, ЖКОО, педагогикалық колледждердің шетел тілі мамандығының білім алушыларына басшылыққа алуда көмегін тигізеді.

## **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 13 еңбекте жарық көрген. Оның ішінде 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланса, 4 мақала ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала шетелдік ғылыми басылымда, 1 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда жарияланған. Диссертация тақырыбы бойынша 2 оқу-әдістемелік күралы жарық көрген.

## **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер**

Кудабаева Перизаттың докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыстың құнды идеялары басым болғанымен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер кездеседі:

1. Мәселенің зерттелу деңгейін тереңірек отандық ғалымдардың еңбектерінің негізінде аша тұсу керек еді.

2. Ізденуші болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жасаған «Communication club» үйірме жұмысының бағдарламасы ауқымды да жүйелі, тиімді құрастырылған. Осы бағдарламаның мазмұнын диссертацияның 136 бетінде толықтай ашып бергенде, еңбектің практикалық маңыздылығы бұрынғысынан да арта түсер еді.

3. Диссертацияда ішінара техникалық қателер кездеседі.

Бұл көрсетілген кемшіліктер мен ескертулер зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құндылығын төмендетпейді.

## **7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**


Докторант П.А. Кудабаевың 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысының ғылымилығы мен көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс деп танимыз.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде Кудабаева Перизат Асанбаевнаның 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға дайындалған «Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысының орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы ҚР БЖФМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторына

6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Рецензент**

**«Әрлеу» БАУО АҚ филиалы,**  
**Алматы облысы бойынша**  
**педагог қызметкерлердің біліктілігін**  
**арттыру институтының директоры,**  
**п.ғ.д., профессор**





**С.М. Кенесбаев**